

**Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 маусымдағы N 982.

"Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің мәртебесі жөніндегі" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1059 K931059\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 2, 21-құжат) сәйкес республиканың дербес, жетекші және іргелі жоғары оқу орны ретіндегі оның мәртебесін ескере отырып, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық Университетінің ғылыми және педагогтық әлеуетін сақтап қалу мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. P 0 2 0 6 6 5 \_

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1737 қаулысында P961737\_ :  
25-тармақтың бірінші абзацындағы "Әл-Фараби атындағы Қазақ

мемлекеттік ұлттық университеті" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 465 қаулысына

P970465\_

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 14, 107-құжат):

аталған қаулының 2-қосымшасында:

2-тармақ алынып тасталсын;

3 - 7-тармақтар 2 - 6-тармақтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК